

**"Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Созақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 33 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 наурыздағы № 125 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 наурызда № 3671 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 208 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 26.05.2016 № 208 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 33 "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3003 тіркелген, 2015 жылғы 29 сәуірдегі "Созақ үні" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына сәйкес бекітілген "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

16 тармақ мынадай мазмұндағы 49-1), 49-2), 49-3) тармақшаларымен толықтырылсын:

"49-1) жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестерін құру бойынша ұйымдастыру жұмысын жүргізеді және жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері туралы ережелерді әзірлейді;

49-2) аудан әкімдігі "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын қоғамдық кеңестің отырысында аудандық бюджетінің жобасын талқылауды жүргізеді;

49-3) аудан әкімдігі "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес құрылатын қоғамдық кеңестің отырысында аудандық бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды жүргізеді."

2. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Созақ ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Оразовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М.Исаев*